

Бюджеттік инвестициялар, концессиялар және техникалық-экономикалық негіздеме өзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеу, қаржы агенттерінің республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруы мәселелері бойынша сараптама жүргізу мен құжаттаманы бағалау құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 18 наурызда № 10495 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 22 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.01.2016 № 22 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 16-тармағы 50) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік инвестициялар, концессиялар және техникалық-экономикалық негіздеме өзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеу, қаржы агенттерінің республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруы мәселелері бойынша сараптама жүргізу мен құжаттаманы бағалау құнын айқындау әдістемесі бекітілсін (бұдан әрі – Әдістеме).

2. "Бюджеттік инвестициялар және концессиялар мәселелері бойынша құжаттамаға сараптама өткізу мен бағалаудың құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 132 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9500 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 маусымдағы № 80714 "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Бюджеттік инвестиациялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға оның жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы	
Ұлттық экономика министрі	E. Досаев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлік  
2015 жылғы 25 ақпандығы  
№ 129 бұйрығымен бекітілген

## **Бюджеттік инвестициялар, концессиялар және техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестиациялық жобаларды бюджеттік кредиттеу, қаржы агенттерінің респубикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік инвестиациялық саясатты іске асыруы мәселелері бойынша сараптама жүргізу мен құжаттаманы бағалау құнын айқындау әдістемесі**

1. Осы Бюджеттік инвестиациялар, концессиялар және техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестиациялық жобаларды бюджеттік кредиттеу, қаржы агенттерінің респубикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік инвестиациялық саясатты іске асыруы мәселелері бойынша сараптама жүргізу мен құжаттаманы бағалау құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) бюджеттік инвестиациялар, концессиялар және техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестиациялық жобаларды бюджеттік кредиттеу, қаржы агенттерінің респубикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік инвестиациялық саясатты іске асыруы мәселелері бойынша сараптама жүргізу мен құжаттаманы бағалау құнын айқындау тәсілдерін белгілеу мақсатында әзірленген.

2. Бюджеттік инвестиациялар, концессиялар және техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестиациялық жобаларды бюджеттік кредиттеу, қаржы агенттерінің респубикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік инвестиациялық саясатты іске асыруы мәселелері бойынша

сараптама жүргізу мен құжаттаманы бағалау (бұдан әрі –Көрсетілетін қызмет) құны концессия мәселелері бойынша мамандандырылған үйымның қызметтің бір бірлігіне арналған нормативтік еңбек шығындарына байланысты осы Әдістемеге сәйкес айқындалады.

3. Көрсетілетін қызмет бағасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_n = C_n \times (1 + R), \text{ мұндағы } (1)$$

$P_n$  (price) – қосылған құн салығын есепке алмағандағы құжаттар (сараптама) топтамасын қарau құны;

$R$  – пайызben алынған рентабельділік нормасы.

4. Көрсетілетін қызметтің өзіндік құны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C_n = c_l \times l_n, \text{ мұндағы } (2)$$

$C_n$  (cost) – Көрсетілетін қызметтің өзіндік құны;

$c_l$  – 1 адам – сағат құны;

$l_n$  – Көрсетілетін қызметтің бір бірлігіне арналған еңбек шығындарының нормативі. Көрсетілетін қызметтің бір бірлігіне арналған еңбек шығындарының нормативі осы Әдістемеге қосымшада келтірілген.

5. Көрсетілетін қызметтің бағасын есептеу үшін айқындалған рентабельділік нормасы 1,27 пайызды құрайды.

6. Көрсетілетін қызметтің бағасын есептеуге арналған бір адам-сағаттың құны қосылған құн салығын есепке алмай 6 358,57 теңге мөлшерінде айқындалған.

Бюджеттік инвестициялар, концессиялар  
және техникалық-экономикалық  
негіздеме  
әзірлеуді талап ететін бюджеттік  
инвестициялық жобаларды бюджеттік  
кредиттеу, қаржы агенттерінің  
республикалық бюджет қаражаты  
есебінен мемлекеттік инвестициялық  
саясатты іске асыруы мәселелері  
бойынша сараптама жүргізу мен  
құжаттаманы бағалау құнын  
айқындау әдістемесіне қосымша

## Көрсетілетін қызметтің бір бірлігіне арналған нормативтік еңбек шығындары

P/ c №	Көрсетілетін қызмет түрі	Адам-сағаттың қызмет көрсетуге арналған еңбек шығындары
1.	концессиялық ұсыныстарды сараптау	361,72

	екі кезеңдік рәсімдерді пайдаланбай, концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізілген жағдайдағы, құрамында жобалау-сметалық құжаттамасы (әзірленген жобалау-сметалық құжаттамасы бар, сондай-ақ техникалық курделі болып табылмайтын, үлгілік жобалар, үлгілік жобалық шешімдер және қайта қолданылатын жобалар негізінде іске асырылатын жобалар бойынша) бар конкурстық құжаттаманы сараптау	1 974,73
3.	екі кезеңдік рәсімдерді пайдаланбай, концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізілген жағдайдағы, құрамында техникалық-экономикалық негіздемесі бар, оның ішінде түзетілген, конкурстық құжаттаманы сараптау	2 824,28
4.	екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізілген жағдайдағы конкурстық құжаттаманы сараптау	1 494,71
5.	конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде оны сараптау	289,51
6.	екі кезеңдік рәсімдерді пайдаланбай, концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізу кезінде конкурсқа қатысуышы ұсынған концессиялық өтінімді сараптау	2 171,35
7.	екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізу кезінде конкурсқа қатысуышы ұсынған, құрамында техникалық-экономикалық негіздемесі бар концессиялық өтінімді сараптау	2 824,28
8.	концессия шарттары жобаларын сараптау	1 447,56
9.	өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде концессия шарттары жобаларын сараптау	723,78
10.	мемлекет кепілгерлігін алуға арналған концессионер ұсынысын сараптау	417,77
11.	мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды экономикалық сараптау	688,84
12.	республикалық бюджеттік инвестициялық жобаларды, оның ішінде түзетілгендерін экономикалық сараптау	69,72
13.	республикалық бюджет қаражаты есебінен занды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды, оның ішінде түзетілген қаржы-экономикалық негіздемелерді экономикалық сараптау	422,90
14.	республикалық бюджет қаражаты есебінен занды тұлғалардың (жаңа құрылған) жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестиацияларды, оның ішінде түзетілген қаржы-экономикалық негіздемелерді экономикалық сараптау	195,84
15.	концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау	346,64
16.	бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау	7 447,25
17.	занды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестиациялардың іске асырылуын бағалау	4 916,58
18.	техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестиациялық жобаларды бюджеттік кредиттеуге және қаржы агенттерінің республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік инвестиациялық саясатты іске асыруына экономикалық сараптау	422,90